

УДК 802

**Г.Н. Досжанова<sup>1</sup>**

М.Тынышбаев атындағы Қазақ көлік және коммуникациялар академиясы  
doszhanova.gulsara@mail.ru

### **ТІЛДІ МЕНГЕРУ – НЕГІЗГІ МАҚСАТ**

**Андатпа.** Бұл мақалада шетел тілін коммуникативті қалыптастыру және дамыту, оны еркін игеру негізге алынады.

**Аннотация.** Данная статья рассматривает коммуникативное обучение языку и развитие навыков устной речи.

**Abstract.** This article deals with the communicative rules of learning foreign languages and to develop the speech acts.

**Түйінді сөздер:** коммуникациялық аспектілер; интерактивті сабақ; тренинг; модуль; технология.

**Ключевые слова:** коммуникационные аспекты; интерактивный урок; тренинг; модуль; технология.

**Keywords:** communication aspects; interactive lesson; training; module; technology.

Қазіргі заманда алып елдердің алдына қарай адымдап бара жатқан егемендігіміздің ертеңі еркін ойлы, көп тілді жастарымыздың қолында, - деген сөз елбасымыздың Жолдауында айтылды. Жастар бұл артылған үлкен сенімді атқаруға бар күш-жігерін салуда. Әрбір жастың алға қойған игі мақсаты - терең білім алу, мемлекетімізді гүлдендіру, негізгі тілегі - көп тіл білу. Яғни, әлемді біліммен бағындыру. Шет тілін еркін білу - өркениетке жол бастаған еліміздің жарқын болашақты жастарының біліміне білім қосатын негізгі бастама. Заманның талабына сай, жастарды ең бастысы алдыңғы қатарлы 50 алып елдердің тіршілігі, салты, тілі қызықтырады.

Жоғары мектеп жүйесінде болып жатқан өзгерістер шетел тілдерін оқыту үдерісіне жаңа өзгерістер, жаңа талаптар қоюда. Қазіргі таңда шет тілін оқытуда жаңа ақпараттық технологияны көп пайдалану маңызды жұмыс болып табылады. Бұл дегеніміз, тек қана жаңа техникалық құралдар ғана емес, сонымен қатар, оқытудың жаңа әдістері мен түрлері, оқыту процесіне жаңаша қарау. Шет тілді оқытудағы негізгі мақсат - шет тілді коммуникативті қалыптастыру және дамыту, оны еркін игеру. Шет тілі - қазіргі заманның талабына сай, қоғамның әлеуметтік-экономикалық, ғылыми-техникалық және мәдениет дамуының қайнар көзі. Қазір шет тілін оқыту әдістемесінің деңгейі жоғары. Тілді оқытуда интерактивтік тәсіл, ойындар, екеуаралық пікірталастар, сонымен бірге ақпараттық технология, интернет, компьютер қолданылуда [1].

Осыған байланысты мына міндеттерді шешу көзделініп отыр. Олар: компьютерлік техниканы, интернетті, компьютерлік желі, электронды оқулықтарды оқу үрдісіне тиімді пайдалану арқылы оқушылардың білімділігін күшейту және білім сапасын көтеру.

Оқыту үрдісінде ақпараттық технологияны пайдаланып білім берудің әр түрлі аспектілерін дамытуға болады. Мәселен, электронды оқулықпен жұмыс жасағанда, компьютерлік бағдарламада таңдап алған тараудың барлық тақырыптардың теориялық материалдары, есеп шығару үлгілері, өз беттерімен жұмыс істеуге арналған жаттығулар, әр тақырып бойынша орындалатын зертханалық жұмыс тапсырмалары, оқушылардың білім сапасын тексеруге арналған тест тапсырмалары беріледі және білім алушының әрқайсысына жеке-жеке нұсқаулар бойынша жұмыс жүгізуге қолайлы. Бұндай бағдарламалардың ерекшелігі сол, әрі уақытты да үнемдейді, әрі тілді меңгеруді жеңілдетеді.

Студент оқытушымен бірге жұмыс істеп оқу процесінің нағыз қатысушысы болып табылады. Бұл студентердің өз бетінше дамуымен тікелей байланысты, сонымен қатар сабаққа дайындалған кезде студенттің шығармашылық белсендігімен, оның оқу

нәтижесіне жауапкершілігімен байланысты. Ағылшын тіліне оқыту басқа пәндермен тығыз байланыста жүреді.

Тілді білу бағдарламасы оқу және есту әдеттерін, жазу және ауызекі сөйлеу әдеттерін дамытуға және қалыптастыруға бағытталады. Ақпараттық технологияларды пайдаланып оқыту мынадай нәтижелерге: оқу материалын терең түсінуге; оқу мотивациясының артуына; алған білімнің ұзақ уақыт есте сақталуына т.б. қол жеткізеді.

Оқуды дамытуда студент мүмкіндігінше көп және жиі оқу қажет; студент мәтіннің құрылымын және мазмұнын түсінуі тиіс және өз ойын жеткізе алуы қажет. Тыңдауды дамытудың негізгі принциптері: студент ағылшын тілін көп естісе, онда ол ағылшын тілін жақсы түсініп, ағылшынша тез сөйлеуге үйренеді; бір мәтінді 2 немесе 3 рет тыңдауы керек; бейне материалдарды көре отыра, ол ағылшын тілі ана тілі болып есептелетін адамдардың әңгімелерін түсінуіне мүмкіндік алады. Жазу жаттығуларын жиі жасау арқылы немесе сөздік жазба жұмыстарын жиі жазу арқылы өте жақсы нәтиже шығаруға болады. Ауызекі сөйлеуде студент әр түрлі жағдайларды талқылайды, өз пікірлерін білдіреді, әңгімелеседі. [2].

Қазіргі білім беру саласындағы оқытудың озық технологияларын меңгермейінше жан-жақты сауатты маман болу мүмкін емес. Жаңа технологияны меңгеру интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік және көптеген адами қабілеттің қалыптасуына игі әсерін тигізеді. Өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі. Оқыту мен тәрбиелеуге тың әдіс-тәсілдер енгізілді. Нәтижесінде тұтас педагогикалық үрдістер өзгертіліп, білім берудің тиімді деп танылған жаңа технологиялары дүниеге келеді. Интерактивті әдістемелерді пайдалану студенттің жаңа сабақты неғұрлым жете түсінуіне үлкен әсер етеді. Бұл әдістемелер дәстүрлі түрдегі лекциялар мен семинарларда кеңінен пайдаланылады. Қазіргі таңда инновациялық әдістемелерді пайдаланудың мақсаты – студенттердің тілді білуге деген құштарлығына жан-жақты әсер ету, қызығушылығын арттыру. Интерактивті сабақта студент өз пікірін дұрыс жеткізуге, өз көзқарасымен пікірталастарға қатысып, басқа адамның пікірі мен көзқарасын тыңдап, басқа да альтернативті пікірді сыйлауға үйретеді. Осындай жұмыс нәтижесінде интерактивті сабақта әрбір студенттің өз пікірі мен көзқарасы қалыптасады [3].

Кез-келген оқыту технологиясы терең теориялық, психологиялық, педагогикалық, әдістемелік білімді, үлкен педагогикалық шеберлікті, білім алушының жан дүниесіне терең үңіліп, оны ұғына білуді талап етеді. Сондықтан рухани өсуге жағдай туғыза алатын, жаңалықтарды қабылдауға даяр, өз әрекетіне өзгеріс енгізе алу ғана бүгінгі қоғамның мүддесі мен әр білім алушының үрдісінен шыға алады. Ойы жүйрік, ақылы жетік, бәсекеге қабілетті, өзгерістерге бейім, жеке тұлғаны тек қана педагог қалыптастыра алады. Оқытушының міндеті - білім алушының жан-жақты қалыптасуын қамтамасыз ету, оның қабілеттерін анықтау мен дамыту, білімдерін ашу, дұрыс түсінік қалыптастыру. Білім берудің түрлі тәсілдері әртүрлі білім жетілдіру курстарында оқытылып отырады.

Білім беру – жекелеген құбылыс немесе дағды емес, ол оқушылардың оқуға қабілетін жақсартуға мүмкіндік беретін тетіктердің біртұтас кешені деп айқындалған. Бағдарлама жалпы алғанда әлемдік дәрежеге жету мақсатын көздей отырып, жаңаша қырда қолданылатын технологияларды тиімді пайдалану. Сын тұрғысынан ойлау дегеніміз - ой қозғай отырып, білім алушының өз ойымен өзгелердің ойына сыни қарап, естіген, білгенін талдап, салыстырып, реттеп, сұрыптап, жүйелеп, білмегенін өзі зерттеп, дәлелдеп, тұжырым жасауға бағыттау. Өз бетімен және бірлесіп шығармашылық жұмыс жасау. Бағалау – одан арғы білім туралы шешімді қабылдау мақсатымен оқытудың нәтижелерін жүйелі түрде жиынтықтауға бағытталған қызметті белгілеу үшін қолданылатын термин. Оқытуда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану қоғамдағы өзгерісті танып білуге және оларды тез қабылдауда мол мүмкіндік береді. Жоспарланған сабақты тиімді өткізуге көмектеседі, білім алушының ой өрісінің

дамуына, зерттеулік жұмыстар жүргізуіне ықпал етеді. Бағдарлама соңында мұғалімдер ақпараттық-коммуникациялық технологияларды сенімді және сыни тұрғыдан пайдаланушыларға айналады.

Білім алушының ширақтылығын, өзгерімпаздықты айқындайды, білім алушының қоршаған ортамен жасайтын қарым-қатынастар жүйесіне тәуелді болатынын атап көрсетеді. Сол себепті білім алушының сергіту сәтін жүргізу қажет.

Білім берудің кез келген жүйесіндегі тұрақты даму мен өзгерістердің сырттан енгізілуі мүмкін емес. Бағдарламаның негізгі идеясы сыни тұрғыдан бағалау, өзгерту және тәжірибе мен білім саясатын қайта бағалау мұғалімдер бастамасымен барлық деңгейлерде өзгерістердің іске асырылатыны негізделеді. Жұмыстың бағдарламасына білім алушыларға көшбасшы болуға үйрететін тренингтер, рөлдік ойындар кіреді. Осы модульдерді тиімді пайдалану арқылы құзыретті мұғалім өз тәжірибесін жетілдіре түспек. Құзыретті мұғалімнің міндеті білім алушының жеке тұлғалық ерекшелігіне мән беру. Құзырлы білім беруде ұстанатын факторы білім алушының өздігінен білімнің мәнін меңгеруі және бағалай білуі.

**Қорытынды:** Жоғарыда көрсетілген тапсырмалар студенттерге тіл дамыту жұмысын іске асырады. Бағдарлама нәтижесінде - тәуелсіз, ғылымға қызығушылығы ояңған, білім алуға бейім, сенімді, жауапты, сын тұрғысынан ойлай алатын, өзгелермен еркін тіл табысатын, сандық технологияларда құзыреттілігін көрсететін білім алушылар дайындалады.

Инновациялық технология - ақпараттандыру технологиясы жүйесінде арнайы білім болуды қажет етеді. Ақпараттандыру - инновациялық технологияның пайдаланылуы, өңделуі және олардың іс жүзінде көрінуі болып табылады.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

[1] Дмитриева Е.И. Основная методическая проблема дистанционного обучения иностранным языкам через компьютерные телекоммуникационные сети Интернет // М., ИЯШ, 1998, №1, С. 27-32.

[2] Андреев В.И. Проблемы педагогического мониторинга качеств. образования // М. Известия Российской академии образования, 2001, №1, С.86-90.

[3] Маткин В.А. Обоснование ценностно-синергетического подхода к подготовкам специалиста-профессионала // М., Вестник высшей школы, 1999, №6, С. 63-67.